

IRS

Низами Ганжәуи – 880

Бакудегі Низами Ганжәуи ескерткіші


КЕНЖЕХАН МАТЫЖАНОВ,

*М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
Бас директоры, ф.ғ.д., ҚР ҰҒА корр-мүшесі*

**НИЗАМИ
ӘЛЕМІ**

Түркі халықтары әдебиетінің тарихы тереңде жатқаны белгілі. Көне дәуірдегі Орхон-Енесей руна жазулы ескерткіштерден бастап, бертінгі әдеби жәдігерлерімізге дейінгі бай мұрамыз соның дәлелі. Махмұт Қашқари, Жүсіп Баласағұн, Қожа Ахмет Иасауи, Жүніс Әміре, Низами Гәнжәуи, Имамаддин Насими, Әлішер Науаи, Махтұмқұлы Фырағи, Абай Құнанбаев секілді ақындарымыздың әдеби мұрасы түркі жұртының ғана емес, барша адамзат баласының рухани қазынасына айналып отыр бүгінде. Осы аталған ақындардың ішінде Гәнжден шыққан Низамидің орны ерекше. Өз шығармалары арқылы адамзат болмысын әдемі сомдап, адами құндылықтарды асқақ жырлаған ақын өзінен кейін әдеби мектеп қалыптастырып, ұлы идеяларға жол ашты. Соның нәтижесінде кейінгі ақындар низамише жазуға тырысып, соның дәстүрін жалғастыруды қалады. Яғни, әдебиетте Низами дәстүрі қалыптасты. Араб һәм аям ақындарына қозғау салған бұл дәстүр – «Хамса» болатын. Бес дастаннан тұратын «Хамсаны» кейде «Пәнж гәнж», яғни «Бес қазына» деп

Мәскеудегі (Ресей) «Этномир» этнографиялық саябақ-мұражайындағы Низами Гәнжәуи ескерткіші



Харьковтағы (Украина) Низами Гәнжәуи ескерткіші

Ташкенттегі Низами Гәнжәуи ескерткіші. Низами Гәнжәуи атындағы Ташкент Педагогикалық университеті ғимаратының алды



Санкт-Петербург саяжайындағы Низами Гәнжәуи ескерткіші



Пекиндегі көл саяжайында орнатылған Низами Гәнжәуи ескерткіші

те атады. Оның қаламынан туған «Құпиялар қазынасы», «Хұсрау-Шырын», «Ләйлі-Мәжнүн», «Жеті ару» және «Ескендірнама» дастандары кейінгі ақындар шығармашылығына қатты әсер етті. Содан кейін «Хамса» жазу – әдебиеттің көрсеткішіне айналды. Әдебиеттің көкжиегін бағындырғысы келген шайырлар бес дастаннан тұратын рухани қазына қалдыруға тырысты. Жыр әлеміне қадам басқандар ең құрығанда бір дастан жазуды өздеріне міндет санады. Содан «Ләйлі-Мәжнүн», «Хұсрау-Шырын»

*Дербенттегі саябақта орнатылған
Низами Гәнжәуи ескерткіші*



Кишиневтегі (Молдова) Низами Гәнжәуи ескерткіші

және «Ескендір» образдары Шығыс мұсылман әдебиетінде мәңгілік тақырыпқа айналды. Соның негізінде назирашылық, яғни назиралық дәстүр қалыптасты. Әдебиеттегі сол дәстүр XX ғасырдың басына дейін жалғасты.

Низамидің үлгісімен бертін келе Әмір Хұсрау Деһлеуи, Әбдірахман Жәми де парсы тілінде хамса жаратты. Әлішер Науаи бұл дәстүрді түркі әдеби тілінде қайта жаңғыртты. Науайдің «Жақсылардың таңдануы», «Ләйлі-Мәжнүн»,



*Дербенттегі Нарын-қала қамалында орын тепкен
Низами Гәнжәуи ескерткіші*

«Фарһад-Шырын», «Жеті әлем» және «Ескендір қорғаны» дастандары Низами хамсасы аясында дүниеге келгені белгілі. Сондай-ақ, бір-екі дастан жазған ақындардың шайырлық шеберханасын зерделеген уақытта да Низами әлемімен ұштасып жатқанын аңғару қиын емес.

Өз шығармалары арқылы гуманистік идеяларды кеңінен насихаттаған Низами мұрасына деген қызығушылық сол заманда-ақ

Люблянедегі (Словения) Низами Гәнжәуи ескерткіші



Чебоксарыдағы (Ресей) Низами Гәнжәуи ескерткіші

артты. Парсы халқы өз тілдерінде жаратылған шығарманы түпнұсқадан оқып түсінсе, араб, түркі халықтары өз тілдеріне тәржімалауға кірісті. Алтын Орда билігі тұсында Құтб тарапынан «Хұсрау-Шырын» дастанының түркі әдеби тіліндегі нұсқасы жаратылды. Түркі-қыпшақтарының арасында бұл шығармаға деген қызығушылықтың артқаны соншалық, бұл дастан Жошы ұлысымен бірге, Мысырды билеген мәмлүк-қыпшақтары арасына да кеңінен тарады.

Мажаз бен хақиқат сырлары қоса өрілген «Ләйлі-Мәжнүн» дастанын бертін келе Мұхаммед Физули жырлады. Шәкәрім Құдайбердіұлы осы қос ғашықтың бейнесін қайта сомдап, қазақ оқырмандарына ұсынды. Осылайша Низамиден бастау алған бұл дастан Деһлеуи, Жәми, Науаи, Физули, Шәкәрімдер арқылы Дешті қыпшақ даласына жол тартты. 1902 жылы Қазанда «Мәшһүр ғашұқ-машұқ Ләйлі мен Мәжнүн хикаясы» деген атпен басылған бұл дастан халық қазынасы ретінде ел арасына кеңінен тарады. Бертін келе Таир

Мәскеудегі Низами Гәнжеви ескерткіші



Жароков, Тәкен Әлімқұлов, Ғали Орманов, Қасым Аманжолов, Жақан Сыздықов, Дихан Әбілов секілді қазақ қаламгерлері де Низами мұрасын қазақ оқырмандарымен қауыштырды.

Қазақ даласына кеңінен тараған образдар бірі – Ескендір. Дулат Бабатайұлы, Шәді Жәңгірұлы, Тұрмағанбет Ізтілеуов, Мағжан Жұмабаев, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев секілді ақындар Ескендір бейнесін сомдады. Әсіресе, Абайдың «Осы жұрт Ескендірді біле ме екен?» деп басталатын «Ескендір» поэмасы ел арасына кеңінен тарады. Бір кездері Низамидің «Иқбалнамасы» мен «Шарафнамасынан» басталған бұл образ бертін келе Деһлеуи, Жәми, Науаилардың жырлаған басты тақырыбы еді.

Әрине, шығыс мұсылман әдебиетінде кеңінен жырланған «Хұсрау-Шырын», «Ләйлі-Мәжнүн» және «Ескендір» образдары Низамиге дейін де болған. Әсіресе, Фирдаусидің «Шаһнамасында»

бұл образдардың біразы сомдалған болатын. Бірақ Низамидің осы тақырыпқа баруымен бұл кейіпкерлер кеңінен танымал бола бастады. Кейінгі ақындар да Низами шығармасынан шабыт алып, осы тақырыпты одан әрі дамытты.

Шығыс мұсылман шайырларын өзіне тартқан Низами шығармашылығына қызығушылық сол заманда-ақ басталған. Бертін келе Батыс ориенталистері мен орыс шығыстанушылары Низами әлемінің сырына шұғылдануға тырысты. М.Әуезов, С.Мұқанов, Р.Бердібаев, Ө.Күмісбаев секілді қазақ ғалымдары да Низами шығармашылығын қазақ оқырмандарына танытуда өз үлестерін қосты.

Гәнжден шыққан шайыр, тек түркі жұртының ғана емес, барша мұсылман халықтарының сөз өнерінің дамуында өзіндік мектеп қалыптастырды. Сондықтан да шығыс мұсылман әдебиетін зерделеген уақытта Низами әлемі ерекше көзге түсері анық. 🌟